

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 371 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 22 тамыздағы N 1629 Жарлығы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңының 5-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. "Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 371 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 18, 186-құжат; 2004 ж., N 21, 263-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған Жарлықпен берілген мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттік берілген лауазымды **тұлғаларының тізбесінде**:

"Жалпы ережелер" деген бөлімде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11, 12, 13, 14-баптарында айқындалған барлық мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөнінде **өкілеттік беріледі**.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі өзара келісуден кейін өздерінің құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбелерін бекітеді";

1 - б ө л і м д е :

1 - бағандада :

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

"Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацта "Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер алынып тасталсын;

жиырмасыншы, жиырма бірінші абзацтарда "Көлік және коммуникациялар министрі" деген сөздер алынып тасталсын;

2-бағаның 18) тармақшасында "шекара әскерлері қызметінің негізгі түрлерін" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің негізгі қызмет түрлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - б ө л і м д е :

1 - бағанда:

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

"Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма тоғызынышы абзацта "Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - бағанда:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының жаңа банкноттары мен монеттерін шығару және (немесе) оларды ауыстыру туралы мәліметтер, егер оларды ауыстыру шешім қабылданған күннен бастап және осы мәліметтерді оларды айналысқа шығару туралы жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына берген сәтке дейін банкноттар мен монеттерді (мерейтойлық және атаулы күндерге арналғандардан басқа) айналыстан алып тастауға әкеп соқтыратын болса.";

18) тармақшада "Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттарын," деген сөздер алынып тасталсын, "әдістері" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

30) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

3 - б ө л і м д е :

1 - бағанда:

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарда "Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің төрағасы" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бағаның 4) тармақшасында "бекіту" деген сөз алынып тасталсын;

4 - б ө л і м д е :

1 - бағанда:

"Президент Әкімшілігінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы," деген сөздер алынып тасталсын;

он төртінші абзац ", Қаржы министрі" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - бағанда:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Барлау, қарсы барлау қызметінің күштерін, құралдарын, көздерін, әдістерін,

жоспарларын, жай-қүйін, ұйымдастырылуын, нәтижелерін, сондай-ақ қылмыстық процесте қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер ретінде пайдаланылмаған жедел-іздестіру қызметінің нәтижелерін ашып көрсететін мәліметтер. Барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін қаржыландыру туралы деректер, егер олар санамаланған мәліметтерді ашып көрсететін болса.";

8), 9) тармақшаларда "шекара өскерлерінің" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшада "нақты адамдардың ұйымдастқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерге қатыстылығын" деген сөздер "ұйымдастқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің күштерін, құралдарын және әдістерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мемлекеттік органдар үш ай мерзімде өздерінің құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК